SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● *www.sarkan-gazeta.kz* ● e-mail: *Igiman01@mail.ru* ● *№29 (95187) 31 шілде 2026 ж.*

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ РЕСЕЙ ПРЕЗИДЕНТІ ВЛАДИМИР ПУТИНМЕН КЕЗДЕСТІ

Кездесу барысында мемлекеттер басшылары екіжақты күн тәртібіндегі ауқымды мәселелерді талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге Омбы төрінде қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтты. Сонымен қатар XXII өңіраралық ынтымақтастық форумы аясындағы бүгінгі жүздесу Қазақстан-Ресей ықпалдастығының негізгі бағыттарындағы жан-жақты диалогты жалғастырып, алдағы қадамдарды нақтылауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

– Біз – аса ірі сауда серіктестерміз. Былтыр сауда көлемі шамамен 28 миллиард долларды құрады. Биылғы беталысымыз да өте жақсы. Өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда, биыл бес айда өзара сауда көлемінің қарқыны айтарлықтай арта түсті. Ресей экономикамызға инвестиция салатын елдердің арасында көш бастап тұр. Инвестиция көлемі шамамен 30 миллиард долларға жетті. Бірлескен күш-жігердің арқасында жалпы құны 53 миллиард доллар болатын 177 перспективті өнеркәсіп жобасының тізімі жасақталды. Оның 122-сі іске асырылды. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайды ескерсек, бұл – көңіл қуантатын жетістік, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы гуманитарлық саладағы ықпалдастық деңгейін жоғары бағалады. Сондай-ақ Қазақ ұлттық университетінің Омбыдағы филиалын ашуға қолдау білдіргені үшін Ресей мемлекетінің басшысына ризашылығын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясын бірлесе салу жобасының ағымдағы жағдайы туралы пікір білдірді.

– Маған Балқаш көлі маңында нысан орнын дайындау жұмыстары аяқталуға жақындағанын баяндады. Бұл жоба Қазақстан аумағында энергияның жаңа түрін өндіруге ғана қатысты емес. Ол сонымен қатар мемлекеттеріміздің, ең бастысы, халықтарымыздың және өскелең ұрпақтың арасында алтын көпір болады. Өйткені біз Ресей көмегімен техникалық кадрларды, кейін атом индустриясы сияқты аса күрделі салада жұмыс істейтін жергілікті қазақ мамандарын даярлағымыз келеді, – Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында Мемлекет басшысы Ресей мен Украина арасындағы қақтығысты реттеу мәселесіне қатысты өз ұстанымын жеткізді.

– Өзіңізге мәлім, мен әуел бастан мұның мемлекетаралық қақтығыс екенін

айтқанмын. Бұл қандай да бір азаматтық соғыс емес. Біз украин халқына, оның мәдениеті мен тіліне әрдайым құрметпен қараймыз. Аталған қақтығыстың көпшілік үшін, соның ішінде біз үшін түсініксіз тұстары көп. Білуімше, сіз Аляскадағы Анкориджде өткен кездесуде дипломатиялық тұрғыдан барынша икемділік таныттыңыз. Осы орайда өз пікірімді білдіргім келеді. Өйткені маған да өтініштер айтылады. Меніңше, қақтығысты уақытша тоқтатып, 2.0. Ыстанбұл формуласына оралған дұрыс. Себебі аталған келіссөз барысында айтарлықтай нәтижеге қол жеткізілген еді. Содан кейін алпауыт елдердің, соның ішінде Ресейдің кепілдігі арқылы көптен күткен бейбітшілікке қадам басуға болады. Қазақстан – бұл мәселеде сырт қалатын ел емес. Алайда қаншама мәрте ұсыныстар мен үндеулер айтылғанына қарамастан, мен бұл қақтығыста арағайын болудан үзілді-кесілді бас тартамын. Өйткені Ресей – ұлы ел, ал орыс халқы – ұлы халық. Күн тәртібіндегі барлық мәселені делдалсыз-ақ шеше алады. Алайда бүгін өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Себебі адамдар менің Омбыға жоспарлы сапарымнан, Сізбен кездесуімнен хабардар. Тығырықтан қалай шығу керек екенін ешкім білмейді. Қос тараптың өз ұстанымы бар. Әйтсе де, осы алауыздықты уақытша доғаруға болады. Бұл – сынақтан өткен халықаралық тәжірибе, амал. Өкінішке қарай, өрімдей жастар құрбан болып жатыр. Олар – бауырлас Ресей мен Украина халықтарының келешегі. Сондықтан мұның бәрін тоқтату керек. Өйткені, менің ойымша, қазіргі болып жатқан жағдай Ресей және Украина мемлекеттерінің дұшпандарына ғана тиімді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент сөзін қорыта келе, еліміз Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейіл екенін растады.

– Қазақстанның Ресеймен қарым-қатынасындағы ұстанымына келер болсақ, біз Ресейді әрдайым ұлы мемлекет деп санаймыз. Бұған еш күмәніңіз болмасын. Мен бұл туралы барлық халықаралық форумдарда айтып жүрмін. Біз қанша қиын болса да, Ресеймен стратегиялық серіктестікті және одақтастық қатынастарды дамытуға бейілміз. Бүгінгі форум – соның айғағы, – деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Ресей Президенті Омбыда Қасым-Жомарт Тоқаевпен жүздескеніне қуанышты екенін жеткізіп, Өңіраралық форум екіжақты қарым-қатынастың дамуына елеулі үлес қосып келе жатқанын атап өтті.

– Елдеріміздің ынтымақтастығы табысты дамып келеді. Сөз жүзінде емес, іс жүзінде стратегиялық сипатқа ие болды. Оны ұдайы өсіп келе жатқан тауар айналымының деңгейінен аңғаруға болады. Өткен жылы екіжақты сауда-саттық шамамен 28 миллиард долларды құрады, ал биылғы бес айда, біздің статистикалық мәліметімізге сәйкес, тағы да 4 пайыздан аса өсті. Бұл қарқынды динамика келешегіміз жарқын екенін көрсетеді. Сонымен қатар оған инвестиция да ықпал етеді. Өйткені инвестиция алдағы күнге жағдай жасап, көрсеткіштерді айқындайды. Бұл ретте де ауыз толтырып айтарлық жетістіктеріміз аз емес. Себебі Ресей кәсіпорындарының, ресейлік бизнесмендердің қатысуымен жалпы инвестиция көлемі 30 миллиард доллар болатын 70 жоба іске асырылып жатыр. Ресей – Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторы. Әріптестігіміз әртүрлі бағытта өрбіп келеді. Мәселен, металлургия өнеркәсібі, машина жасау, энергетика, фармацевтика секілді басқа да салалар қамтылған, – деді Владимир Путин.

Бұдан бөлек, Ресей Президенті мәдени-гуманитарлық қарым-қатынасты нығайту мәселесіне тоқталды.

– Гуманитарлық байланыстар саласындағы ықпалдастығымыз өте маңызды. Бұл орайда, әлбетте, білім саласы алдыңғы орынға шығады. Қазақстанның мыңдаған азаматы ресейлік жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Омбыда Қазақстанның мемлекеттік университетінің филиалы ашылғанын атап өткім келеді. Ресейлік студенттерге 100 мемлекеттік стипендия ұсынылғаны үшін алғыс айтамыз. Олар ақысыз негізде білім алып жатыр, – деді Ресей басшысы.

Владимир Путин екі ел халықаралық аренада және өңірлік ұйымдар аясында белсенді қарым-қатынасты жолға қойғанына назар аударды. Биыл Ресей ҰҚШҰ-ға, ал Қазақстан – ЕАЭО-ға төрағалық етеді.

Сонымен қатар Владимир Путин Қазақстан мен Ресейдің тарихи тамырластығы туралы сөз қозғады.

– Бүгін госпитальге арнайы барғаныңызды білемін. Омбы Сіз үшін Ресейдің қатардағы қаласы емес. Бұл жерде Сіздің әкеңіз 1945 жылы қыста ауыр жарақаттан кейін ем-дом алған. Біз Ұлы Отан соғысы мен халқымыздың нацизмді жеңуге қосқан үлесін әрдайым есте сақтаймыз. Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сізбен жүздескенімізге қуаныштымыз, – деді Ресей Президенті.

Әңгімелесу барысында мемлекеттер басшылары сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі нығайту, соның ішінде энергетика, көлік-логистика, ғарыш, ауыл шаруашылығы салаларындағы бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасын егжей-тегжейлі талқылады.

Бұдан бөлек, президенттер халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қазақстан мен Ресей президенттеріне сауда және логистика саласындағы цифрлық жобалар таныстырылды

XXII Қазақстан – Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Владимир Путинге тауар айналымының ашықтығын қамтамасыз етуге, тасымалдау үдерісін цифрландыруға және автокөлік тасымалының қауіпсіздігін арттыруға бағытталған жобалар таныстырылды.

Атап айтқанда, президенттерге тауар айналымы мен өнімнің шығарылған жерін растауға мүмкіндік беретін тауарларды цифрлық таңбалау жүйесі, тасымалдау үдерісіне қатысушыларға арналған Smart Cargo бірыңғай цифрлық платформасы, жасанды

интеллект көмегімен көлік ағынына үздіксіз талдау жүргізетін AI Jol бірыңғай цифрлық жобасы туралы мәліметтер берілді.

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев пен Ресей Федерациясы Үкіметі төрағасының орынбасары Алексей Оверчук сыртқы сауданың тиімділігін арттыру және көлік-логистика инфрақұрылымын ілгерілету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндады.

Сонымен қатар мемлекеттер басшыларына теміржол, автокөлік және авиа байланыстарын дамыту үшін қолға алынған бірлескен шаралар мен шекарадағы көлік өткізу пункттерін қос тараптан бірдей жаңғырту перспективасы туралы мәлімет берілді.

•Президент тапсырмаларын жүзеге асыру

Еліміздің өңірлерінде инфрақұрылым жаңғыртылып, әлеуметтік сала дамып келеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында еліміздің өңірлерінде азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстар жалғасуда. Облыстарда жаңа инженерлік желілер пайдалануға беріледі, әлеуметтік нысандар ашылып, заманауи туристік инфрақұрылым құрылуда.

Қосшы қаласын газбен қамтамасыз ету

Ақмола облысының Қосшы қаласында газбен қамтамасыз ету жобасы толығымен аяқталып, пайдалануға берілді. «Сарыарқа» магистральды газ құбырынан тартылған желінің екінші және үшінші іске қосу кешендері ресми түрде іске қосылды, нәтижесінде барлық шағын аудан табиғи газға қосылу мүмкіндігіне ие болды. Жоба аясында 400 шақырымнан астам газ тарату желілері салынып, 1 блокты және 43 шкафты газ реттеу пункті орнатылды, ал 112 мыңға жуық тұрғын көгілдір отынмен қамтамасыз етілді.

Полтавка ауылын қамту

Ақтөбе облысының Полтавка ауылында табиғи газ іске қосылды. Жобаның құны – 581,4 млн теңге. Газбен қамту аясында 6,4 шақырым газ құбыры тартылып, инженерлік инфрақұрылым толықтай салынды. Нәтижесінде 99 аула мен 316 тұрғын табиға газға қол жеткізді. Осылайша, өңірді газбен қамтамасыз ету деңгейі 97,5%-ға жетті.

Бесағаш ауылын сумен қамтамасыз ету

Алматы облысының Бесағаш ауылында тозу деңгейі 95%-ға жеткен 1975 жылы салынған су құбырының орнына ұзындығы 32 шақырымнан асатын жаңа құбыр салынды. Нәтижесінде 800-ден астам абонент, яғни, 3,8 мыңнан астам тұрғын орталықтандырылған су жүйесіне қосылды. Сонымен қатар өңірде Тұздыбастау ауылында 127 шақырым су құбырын жаңғырту және қосымша трансформаторлар орнату жобалары аяқталуда.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы

Ақмола облысының Державинск қаласында күнделікті 30-ға жуық адамды қабылдай алатын Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ашылды. Орталықта жаттығу залы, йогаға арналған аймақтар, үстел ойындары мен қолөнер шеберханасы, сондай-ақ вокал студиясы жабдықталған. Нысан ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында балалар музыка мектебі және балалар шығармашылығы орталығымен бір ғимаратта орналасқан.

Педагогтерді бейімделген спорт негіздері бойынша оқыту

Қарағанды облысында жыл соңына дейін 500-ге жуық дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арналған бейімделген спорт негіздері бойынша оқудан өтеді. Жоба аясында өңірдегі әрбір мектепте арнайы даярланған маман болады. Сонымен қатар аталған курс екі жергілікті колледждің оқу бағдарламасына енгізіледі. Бұдан бөлек, облыста бейімделген спорт секцияларының желісі мен инклюзивті «Жасыл ел» еңбек жасақтарына қатысушылар саны кеңейтілуде.

«Сарыарқа сыры» визит-орталығы

Павлодар облысының Баянауыл курорттық аймағында ауданы 740 шаршы метр болатын заманауи Vizit Bayanaul «Сарыарқа сыры» визит-орталығы ашылды. Нысан цифрлық технологиялармен және жасанды интеллект элементтерімен жабдықталған. Жоба өңірдің туристік инфрақұрылымын кешенді жаңғырту аясында жүзеге асырылды. Оның құрамына жаңа кіреберіс стелласы мен демалыс аймақтарын абаттандыру жұмыстары да кіреді. Кешенді жаңғырту нәтижесінде биыл өңірге келетін туристер саны 300 мың адамға дейін артады деп күтілуде.

Облыста «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» аясындағы рейдтік жұмыстар жалғасуда

Жетісу облысында Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасы мен «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру мақсатында рейдтік-профилактикалық іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілуде.

Облыс әкімі орынбасарының жетекшілігімен 2026 жылғы 17 маусымнан бастап облыстық, аудандық және қалалық ведомствоаралық мобильді топ жұмыс істеуде. Оның құрамына прокуратура, полиция, экология, төтенше жағдайлар, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, көліктік бақылау инспекциясы, облыстық басқармалар, жастар және волонтерлік ұйымдар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енгізілген.

Бүгінгі күнге дейін облыс аумағында 139 рейдтік іс-шара өткізіліп, 89 құқық бұзушылық анықталды. Рейдтердің қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында 156 жарияланым жарық көрді.

27–28 шілде күндері Талдықорған қаласы мен Ескелді ауданында мобильді топтардың қатысуымен кезекті рейдтер ұйымдастырылып, анықталған құқық бұзушылықтар бойынша заңнама талаптарына сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қабылданды.

27 шілдеде Талдықорған қаласында Қаратал және Балықты өзендерінің бойында «Шомылуға тыйым салынады» белгілері орнатылған аумақтарда қала әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтің жетекшілігімен профилактикалық рейд өткізілді. Нәтижесінде тыйым салынған жерде суға шомылған 2 құқық бұзушылық фактісі анықталып, Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 412-бабы бойынша екі азаматқа әрқайсысына 3,5 АЕК мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды. Жалпы айыппұл сомасы 55 062 теңгені (7 АЕК) құрады.

Рейд барысында демалушыларға судағы қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп, белгіленген ережелерді сақтаудың маңыздылығы жөнінде профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

28 шілдеде Талдықорған қаласында жүргізілген рейд кезінде Қаратал өзенінің жағалауындағы ортақ пайдаланылатын аумаққа ауыр жүк көлігімен тұрмыстық қатты қалдықтарды заңсыз төгу дерегі анықталды. Құқық бұзушыға қатысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне және абаттандыру қағидаларына сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қабылданды.

Сол күні қаланың санитариялық жағдайына жүргізілген мониторинг барысында 6 құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 505-бабы бойынша 3 азаматқа әкімшілік айыппұл салынып, 3 азаматқа ескерту берілді.

Ескелді ауданында әкім орынбасары Жанар Байұзақова жетекшілігімен өткізілген рейд қорытындысы бойынша 6 әкімшілік хаттама рәсімделді. Оның ішінде 5 азаматқа ескерту жасалып, 1 құқық бұзушыға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 505-бабының 1-бөлігіне сәйкес 20 АЕК (86 500 теңге) мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынды.

Мұндай рейдтік-профилактикалық іс-шаралар қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қоршаған ортаны қорғауға, тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыруға және азаматтардың қауіпсіз әрі жайлы ортада өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында тұрақты түрде жалғасатын болады.

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту бойынша ұлттық жобаларды жүзеге асыруда көшбасшылар қатарында

Жетісу облысы 2026–2027 жылдарға арналған жобалар пулын қалыптастыру бойынша «Энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруда көшбасшы өңірлердің қатарында. Жалпы алғанда, 2026–2027 жылдары Жетісу облысында ұлттық жобаны жүзеге асыруға шамамен 79 млрд теңге инвестиция бағытталады. Осы қаражат есебінен 1156,2 шақырым инженерлік желі жөнделіп, жаңғыртылады, сондай-ақ 83,6 мың есепке алу құралы орнатылады. Соның нәтижесінде инженерлік инфрақұрылымның орташа тозу деңгейі 19%-ға төмендейді деп күтілуде, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Атап айтқанда, биыл өңірде электрмен, жылумен, сумен жабдықтау және су бұру салаларын қамтитын 23 жоба жүзеге асырылуда. Барлық нысандар бойынша мердігер ұйымдар анықталып, қаржысы қарастырылған, қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Жалпы, жыл қорытындысы бойынша 568 шақырым инженерлік желіні жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл инженерлік инфрақұрылымның орташа тозу деңгейін 15%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Ал 2027 жылы өңірде тағы 34 жобаны іске асыру жоспарланған. Олардың аясында 588,2 шақырым инженерлік желі жаңғыртылып, 83,6 мың есепке алу құралы орнатылады.

Сонымен қатар 2029 жылға дейін өңірде 62 жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл шамамен 1,5 мың шақырым инженерлік желіні жаңғыртуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, 1155 шақырым электр беру желісі мен 6 қосалқы станцияны, 310,1 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілерін, сондай-ақ 10,1 шақырым жылу желілерін жаңғырту көзделген. Соның нәтижесінде электрмен жабдықтау нысандарының тозу деңгейі 78,5%-дан 49,9%-ға дейін, сумен жабдықтау нысандары бойынша 33%-дан 24%-ға дейін, су бұру жүйелерінде 55%-дан 47%-ға дейін, ал жылумен жабдықтау нысандарында 61%-дан 38%-ға дейін төмендейді деп күтілуде.

Осылайша, ұлттық жобаны өңірде тиімді іске асыру облыстың коммуналдық инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңартуға, көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сенімділігі мен сапасын арттыруға, сондай-ақ өңірдің инженерлік инфрақұрылымын одан әрі тұрақты дамытуға негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жетісу облысында алғашқы жартыжылдықта төрт ауылдық мәдениет үйі ашылды

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2026 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы Ұлытау, Жетісу, Ақмола, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының мәдениет саласындағы жұмыс қорытындылары қаралды.

Жетісу облысында алғашқы жартыжылдықта төрт ауылдық мәдениет үйі ашылды. Жыл соңына дейін тағы бес мәдениет үйі мен аудандық кітапханаларды пайдалануға беру көзделген. Облыстық филармония жанынан камералық хор құрылып, Бикен Римова атындағы академиялық драма театрдың репертуары бес жаңа қойылыммен толықты. Сегіз аудан мен екі қалада жүргізілген экспедиция барысында материалдық емес мәдени мұраны сақтап келе жатқан 124 өнер иесі анықталды. Сондай-ақ Жаркент мешітін басқару жоспарын әзірлеу жалғасып жатыр.

Жиын қорытындысында өңірлерге Мемлекет басшысы, Қазақстан Республикасы Үкіметі және Мәдениет және ақпарат министрлігі жүктеген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету, екінші жартыжылдыққа жоспарланған жобаларды мерзімінде аяқтау және көтерілген мәселелер бойынша тиісті шаралар қабылдау тапсырылды. Тапсырмалардың орындалуы Мәдениет комитетінің бақылауында болады.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет ресурсы.

”АЛАКӨЛ ТОЛҚЫНЫ” ФЕСТИВАЛІ ӘЛЕМНІҢ АЛТЫ ЕЛІНЕН БЕС МЫҢ ҚОНАҚТЫҢ БАСЫН ҚОСТЫ

Республикалық оқиғалар мен іс-шаралар күнтізбесіне Жетісу облысы тарапынан енгізілген «Алакөл толқыны» мәдени-туристік фестивалі Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Ақши ауылындағы Алакөл көлінің жағалауында тиісті деңгейде ұйымдастырылып, өз мәресіне жетті.

«Алакөл толқыны» фестиваліне Қытай, Ресей, Беларусь, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген шетелдік туристер мен қонақтар, сондай-ақ Қазақстанның әр облысынан келген демалушылар мен өңір тұрғындарын қоса алғанда, 5 мыңнан астам адам қатысты.

Фестивальдің салтанатты ашылу рәсімі Алакөл өңірінің туристік әлеуетін, табиғи ерекшеліктері мен тарихи-мәдени құндылықтарын дәріптейтін арнайы бейнероликтің көрсетілімімен басталды.

Ресми бөлімде алғашқы құттықтау сөз Жетісу облысы әкімінің орынбасары Марлен Көлбаевқа беріліп, ол өңірде туризм саласын дамыту, туристік инфрақұрылымды жетілдіру және Алакөл жағалауын халықаралық деңгейдегі туристік бағыт ретінде дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты.

Одан кейін құттықтау сөз сөйлеген Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрі Мирас Төлебаев Алакөл өңірінің еліміздің туризм саласындағы стратегиялық маңызын атап өтіп, мұндай мәдени-туристік жобалардың Қазақстанның туристік имиджін нығайтудағы рөліне тоқталды. Сондай-ақ фестивальдің ұйымдастырушыларына ризашылығын білдіріп, қатысушылар мен қонақтарға ізгі тілегін жеткізді.

Ресми бөлімнен кейін фестивальдің концерттік бағдарламасы басталып, Қазақстан эстрадасының танымал өнер жұлдыздары Turar (Тұрар), Ayree (Айрии) және Асель Мекебаева көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Танымал орындаушылардың сүйікті әндері Алакөл жағалауына жиналған мыңдаған көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, ерекше мерекелік атмосфера қалыптастырды.

Фестиваль аясында қонақтарға арналған ойын-сауық бағдарламасы да ұйымдастырылды. Атап айтқанда, ходулистердің әсерлі қойылымдары ұсынылып, тірі мүсіндер мен алып ойыншық кейіпкерлері өнер көрсетті. Олар фестиваль қонақтарымен жарқын жүздесіп, естелік суреттерге түсіп, әсіресе балаларға ерекше қуаныш сыйлады.

Сонымен қатар, көрермендердің қатысуымен интерактивті ойындар өткізіліп, белсенді қатысушыларға арнайы сыйлықтар табысталды. Фестиваль аумағында арнайы фотозона жұмыс істеп, келушілерге Алакөл жағалауындағы жарқын сәттерді естелікке айналдыруға мүмкіндік берілді.

Кештің барысында кәсіби DJ-дің қатысуымен заманауи музыкалық бағдарлама ұйымдастырылды. Әсерлі дыбыстық сүйемелдеу, фестивальдің сәнін келтіріп, ашық аспан астындағы түнгі би алаңында мыңдаған қонақтың басын қосты.

Фестивальдің шарықтау шегі ретінде Алакөл аспанын жарқырата көмкерген әсерлі мерекелік отшашу ұйымдастырылды. Түрлі түске боялған от шашулар көл жағалауына ерекше көрік беріп, фестивальдің жарқын қорытындысына айналды.

«Алакөл толқыны» фестивалінің басты мақсаты – Жетісу облысының туристік әлеуетін кеңінен таныту, Алакөлдің халықаралық туристік бағыт ретіндегі беделін арттыру, ішкі және келу туризмін дамыту, өңірдің мәдени өмірін жандандыру және қазақстандық әрі шетелдік туристерге жоғары деңгейдегі мәдени демалыс ұсыну болды.

Мәдениет пен туризмді тоғыстырған айтулы жоба ретінде өткен «Алакөл толқыны» фестивалі өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға, Жетісу облысының оң имиджін қалыптастыруға және Алакөл жағалауын халықаралық деңгейдегі туристік орталық ретінде дәріптеуге өз үлесін қосты.

Облыстық туризм басқармасының мәліметі бойынша дайындалды.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасау – БАСТЫ ПАРЫЗ

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы орта қалыптастыру – қоғамның әлеуметтік жауапкершілігін айқындайтын маңызды бағыттардың бірі. Әрбір азаматтың қоғамдық өмірге еркін араласуы, білім алып, еңбек етуі және мемлекеттік қызметтерді кедергісіз пайдалануы үшін қолжетімді орта қалыптастырудың маңызы зор.

Аталған санаттағы азаматтардың қоғамдық орындар мен әлеуметтік нысандарға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында аудан аумағында мониторингтік рейд ұйымдастырылды. Мониторингтік топтың құрамында аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, "Жаңұя" отбасын қолдау орталығының өкілдері, облыс орталығынан қоғамдық қайраткерлер Вадим Друзин мен Қанат Багибаев болды.

Рейд барысында бірқатар мемлекеттік мекемелер мен халыққа қызмет көрсету орындарының қолжетімділігі зерделенді. Тексеру нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін қозғалуына кедергі келтіретін бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, кейбір ғимараттарда пандустардың талапқа сай орнатылмағаны, сондай-ақ тактильді жолақтар мен бағыттаушы белгілердің жеткіліксіздігі белгілі болды.

Мониторинг барысында анықталған кемшіліктер бойынша жауапты мекемелерге тиісті ұсынымдар беріліп, оларды белгіленген мерзімде жою қажеттігі ескертілді. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасау – әрбір мекеме мен ұйымның әлеуметтік жауапкершілігінің ажырамас бөлігі. Сондықтан қолжетімділік талаптарын сақтау және анықталған кемшіліктерді дер кезінде жою бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да тұрақты бақылауда болады.

Өз тілшіміз.

БАСТЫ МІНДЕТ – САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ

Ұлт мәртебесін биік көтеріп, ел абыройын асқақтатып, биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін қалың елге танытатын мемлекеттік қызметшілер – қоғамның айнасы. Сондықтан да еліміздегі әрбір тұрғынның өтініш-тілегін орындауда мемлекеттік қызметшілердің алар орны мен рөлі ерекше. Ең алдымен, мемлекеттік қызметтің сапалы әрі қолжетімді болуы халық үшін өте маңызды. Әрбір азамат қажетті қызметін уақытында алуы керек. Осы мақсатта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облыстық департаменті жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

2026 жылдың алғашқы алты айында департаментке мемлекеттік қызметтердің сапасына қатысты азаматтар мен заңды тұлғалардан 106 шағым түсті. Оның ішінде бір шағымда көрсетілген деректер расталып, азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтіріліп, кемшілік жіберген 8 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Департаментке келіп түскен арыз-шағымдар мерзімінде қаралып, заңға сәйкес тиісті жауаптар берілуде. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің халықпен дұрыс әрі сапалы жұмыс істеуіне ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатта қолға алынған «Ең алдымен адамдар» жобасы аясында 47 мемлекеттік қызметші арнайы оқудан өтті. Оқу Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалымен бірлесіп ұйымдастырылды. Бұдан бөлек, тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін түсіндіру мақсатында «Елге қызмет» бағдарламасы бойынша жергілікті телеарнада 6 тікелей эфир өткізілді. Оған халық үшін маңызды салалардағы мемлекеттік органдардың басшылары қатысып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ департаменттің бастамасымен аудандық және қалалық әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестердің 23 отырысы өтті. Мұнда мемлекеттік қызметтерге қатысты 26 мәселе қаралды. Ведомствоаралық жұмыс тобының отырысында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы мен әкімдер аппараттары көрсететін қызметтер бойынша тағы маңызды 2 мәселе талқыланды. Нәтижесінде мемлекеттік органдарға берілген 9 ұсынымның барлығы орындалды.

Аталған бағыттағы жұмыстарды жақсарту үшін, департамент мемлекеттік қызметтерді алу тәртібін жеңілдету, оларды автоматтандыру және ақпараттық жүйелердің техникалық мүмкіндіктерін арттыру жөнінде 21 ұсыныс Агенттікке жолдады.

Бақылау жұмыстарына тоқталсақ, бірінші жартыжылдықта 8 жоспарлы және 2 жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Тексеру кезінде 2 945 заң бұзушылық анықталды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 227 азаматтың бұзылған құқығы қалпына келтірілді. Одан бөлек, «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы қашықтықтан бақылау жүргізілді. Нәтижесінде 3 240 заң бұзушылық анықталды. Осы фактілер бойынша 23 әкімшілік іс қозғалып, 13 лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы – 1 444 945 теңгені құрап, бюджетке толық төленді.

Қорытындылай келе, департамент алдағы уақытта да мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, оларды алу тәртібін жеңілдету және азаматтардың құқықтарын қорғау жұмыстарын жалғастырады. Басты мақсат – тұрғындардың мемлекеттік қызметтерді сапалы, оңай және уақытында алуын қамтамасыз ету.

Е. СҰЛТАНҚҰЛОВ,
Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облыстық департаментінің басшысының орынбасары.

Алашқа тұлға болған Тана мырза

Жомарт ИГІМАН

1. Кілт

Пейілімен қазағын жылытуға,
Жаратылған аз емес ұлы тұлға.
Емешегі езілген ел дегенде,
Жақсыларды бола ма ұмытуға.

Сабылғанда жол таппай ары - бері,
Иіп берген кең қолтық төңір өзі.
Сын сәттерде өзегін жұлып берген,
Жайсаңдарды ұмытпас қалың елі.

Тарихым бар күрделі, сан қатпарлы,
Аршып жүрміз ақ - қара таңдақтарды.
Бай - бағланның ішінен дараланған,
Ұмытуға болмайды саңлақтарды.

Кең әлемі қазақтың тарылғасын,
Бостандығы ноқтаға таңылғасын.
Сейілтуге ел мұңын ем іздеген,
Әділ биді қалай жұрт сағынбасын?!

Еске алғанға ас беріп бабамызға,
Ұрпағына қонақжай далам ырза.
Ақсуаттың желі де сыбырласып,
"Тана Мырза" дейтіндей "Дана Мырза".

Мағлұм болып жас күннен даналығы,
Сырт көздерге танылған даралығы.
- Ел бағына туыпты жарық жұлдыз,
Тілемістің, - дейтіндей, - жарады ұлы!

Ізгілігін аямай төңіректен,
Қолда барын жұртына беріп өткен.
Анам айтқан әңгіме сорабынан,
Жайсаң жанның мәрттігін біліп өскем.

Ер танытып шежіре арасынан,
Сөз танытып бабамның бабасынан.
Төркін жұртын зердеме сіңірді анам,
Дейтін "Жақсы болмағың - нағашыдан".

Айналасын аузына қаратқаны,
Ақылымен ағайын санасқаны.
Жан анамның үлгі боп қалды аймаққа,
Ата жолын өлеңмен таратқаны.

Мақтан тұтып өтті анам тектілігін,
Жатыр ма екен ол да естіп көп дүбірін.
Анашымның сағыныш, мақтанышын,
Орынды ғой ендеше жеткізуім...

2. Әділдігі - қақ жарған қара қылды

Ақжарылқап күй кешті жаным бүгін,
Көкейіме құйып ап сарынды мың.
Ел айтатын, жел менен көл айтатын,
Саңлақтардан кенде емес
қалың Мұрын.

Жанайдың Тілемісі бағы асқан жан,
Билігі мен байлығы жарасқан жан.
Егделеніп қалғанда түс көріпті,
Перзент сұрап жүр екен Жаратқаннан.

Жүлде бермей жүрсе де қосқан аты,
Жолын жалғар ізбасар жоқ баласы.
Жасын түсіп, қазанын қақ жарғанын,
Жақсы түс деп жорыпты жақсы ағасы.

Бодандықтан ел жетім, дала мұңды,
Аянменен берді Аллам Тана ұлды.
Жай отындай жалыны найзағайдың,
Әділдігі - қақ жарған қара қылды.

Ерте есейді құлашын сермеу үшін,
Ұлт намысын жат жұртқа бермеу үшін.
Он алтыда билікке араласты ол,
Ел жанының жарасын емдеу үшін.

Бірге көктеп, еліммен бір гүлдесем,
Деген оймен жетілген білгір, көсем.
Дау - дамайды екі ауыз сөзбен шешкен,
Бабамызды жарасар дүлдүл десем.

Ата - баба мекенін қоныс қыпты,
Сайланды да атқарды болыстықты.
Халқын қорғап, қолдаған қамқорынан,
Аяқ тартты, -дейді ел, - орыс тіпті.

Өр болды анық, ағайын ардақтардай,
Ер болды анық, Құдайым таңдатқандай,
Салғырты мен салығын жуанға артып,
Қарашаға жүріпті салмақ салмай.

Дауды шешіп, кезі бар билік құрар,
Ықыласы ел - жұрттың сыйды ұқтырар.
Нөкерлері өнерлі сал мен сері,
Ел назарын аударған кіл мықтылар.

Жылдан - жылға кеңейіп өрісі де,
Барын елмен асықты бөлісуге.
Нашарға азық, жарлыға тон болыпты,
Оның әрбір сапары ел ішінде.

Сыйлапты көп перзентін хан күткендей,
Суалтпапты сабасын сарқып көлдей,
Қауым елін жүріпті алаламай,
Қарыстан да сүйемін артық көрмей.

3.Тана Мырза сипаты

Шабытым, қаламыма жел беріп пе ең,
Мырзаның айтам кейпін ерге біткен.
Ерекше мол мейірмен жаратыпты,
Қалдырмай Аллам кенде өң - көріктен.

Суретке түсу қайда түрлендіріп,
Осы ғой сол заманның бір кемдігі.
Сипаттап қалдырыпты саяхатшы,
Александр Влангали күнделігі.

Қабағы ашық дейді таңғы аспандай,
Ашулы сәтіндегі айбат қандай...
Жүре алмас қадалған жан кібіртіктеп,
Жанары өткір екен алдаспандай.

Мойындап зеректігін, парасатын,
Көрген жан мырзаменен санасатын.
Сақал - мұртын айтсаңшы дөңгеленген,
Дөңгелек жүзіне құп жарасатын.

Қыр мұрын, қыран қабақ, қасы қалың,
Маңайға мырзалықпен аты мәлім.
Қызықпау болмысына мүмкін емес,
Бойы орта, қадамы нық, батыл адым.

Сездің бе, оқырманым, ақын жүгін,
Өрлесін өрге қарай тасым бүгін.
Аңыз бен ақиқатты саралайын,
Сипаттап батырлығын, батылдығын.

Қалба тауда ел - жұрты запы болған,
Аюыңнан сескенбей заты бар жан.
Қарсы ұмтылған қапыда түз тағысын,
Тосып алып, тайсалмай атып алған.

Қазақ рухын көтерсек бақ табамыз,
Бабамызбен орынды мақтанамыз.
Жолбарысын Балқаштың құрықтапты,
Солай дейді біздерге жеткен аңыз.

Беу, бабам, ізгі жолдан жаңылмадың,
Кеңпейіл болмысыңмен танылғаның.
Қазағым әлімсақтан аңыз қосып,
Аспандатқан тым ерек нар ұлдарын.

4.Тарпаң бозы даламның

Тана Мырза даламның тарпаң бозы,
Жақсылығын айтамын арқам қозып.
Ресей мен Қытайға танымал боп,
Мойны ілгері көрінген дау - шарда озып.

Парасат пен саясат екі арасын,
Жетік біліп басқарған бұқарасын.
Шегендепті Шұбарағаш - Ойжайлауда,
Қол қойып Орыс - Қытай шекарасын.

Көп ізденіп, көп біліп, өсіпті елден,
Білімдарлығы көпке несіп берген.
Ресейлік комиссия құрамында,
Ұлы Жүздің жер дауын шешіп келген.

Зеректікпен түзетіп жаңылғанды,
Ерте бастан ортаға танылған - ды.
Жолбасшы боп Қытайға бастап барған,
Потаниндей зерделі ғалымдарды.

Туған елге түссе деп дін жарығы,
Қаракеті білгенге тұнған үлгі.
Жеті мешіт тұрғызған өз жерінде,
Асқан кім бар Танадан мырзалығы.

Тумысынан көкейде көп қамы бар,
Ел қажетін тұлға еді жастан ұғар.
Білікті ұстаз шақыртып шартараптан,
Медресе, мектептерді ашқаны бар.

Елге аян көңілдің төрі кімде,
Мырза жайлы өлең - жыр өрілуде.
Бағзы кезгі мешіттің сілемі бар,
Көкпекті, Тарбағатай өңірінде.

Жаңалыққа бағытын бұрған ұлын,
Көп қолдап, Алла төккен қырға нұрын.
Қарғыбаның бойынан егін салып,
Даңқы асыпты балық көз бидайының.

Келешектің осылай шамын жаққан,
Жақсылығы жалғасып, тамырласқан.
Егін егіп, жер емген Тана елі,
Отырықшы болудың жолын тапқан.

5. Қандай жақсы жақсыдан ат қалғаны

Заман жүгі батса да арқасына,
Бағалы еді дархан жан ортасына.
Аға сұлтан сайлауы сәтсіз өтсе,
Иілмеген сынақтың баршасына.

Қадіріне жеттік пе шын жақсының,
Мүмкін емес тауысу жырлап бүгін.
Құдалығы достыққа ұласқан деп,
Құнанбаймен ел айтар сыйластығын.

Арасында би - болыс, бектерінің,
Қыздырыпты достықтың от - көрігін.
Аға сұлтан Танаға жан теңгермей,
Алға оздырған деседі көш - көлігін.

Қандай жақсы жақсыдан ат қалғаны,
Бұл да болса Құдайдың қосқан бағы.
Әкесіне ас беріп аға сұлтан,
Тана мырза сол асты басқарғаны.

Аңыз қылды ел мырзаның тектілігін,
Жаудан қайтып көрмеген беттілігін.
Ат үстінде қылышын қолда ойнатып,
Өнері асқан орыстанептілігін.

Мойындатқан басқа емес, жандаралды,
Кешіп өткен тайсалмай зар заманды.
Найзағайдай сол заман құбылысын,
Сабырбай ақын былай толғаған - ды:

"Мұрыннан Шерубай мен Тана шықты,
Өз тобын заманында жара шықты.
Ұлық пен патша алдында заңдасқанда,
Олардың арыстанын Алаш ұқты.
Батырдың Қожагелді құнын жоқтап,
Сескенбей генералмен таласыпты".

Таспады көтергенге төре қылып,
Әлі айтар мықтылығын ел егіліп.
Маңдайы тасқа тиіп қайтқан дейді,
"Бөлшектеп билей берсем" деген ұлық.

Атса деп туған жердің тұнық таңы,
Орынсыз даңқ - дақпыртқа қызықпады.
Орыстың шенін алып жүрсе дағы,
Қазақтың шерін бір сәт ұмытпады.

Тірлігінде өткені тар өткелден,
Бізге жетті ғылыми деректерден.
Қазақтың соңғы ханы Кенесары,
Тананың мырзалығын ерек көрген.

Баяғы батыр - бағлан басқан ізбен,
Кенехан қобалжымай топқа кірген.
Бодандықтан халқымды құтқарам деп,
Қазақтың үміті еді атқа мінген.

Жолайрықта ұлт қамын таңдап тұрып,
Болашағын қазақтың аңдап тұрып,
Тана Мырза Кенехан жасағының,
Ат - көлігін жүріпті қамдастырып.

Шын дос болып жүріпті арашаға,
Жақсыларға сатқындық жараса ма?
Айнымапты жолынан, өктем билік,
Кенесарыға қырын қараса да.

6. Түйін

Биіктігі - қия - шың, асқарымыз,
Адалдығы - кіршіксіз аспанымыз,
Тана Мырза тойына қосқанымыз,
Осынау біздің бабадастанымыз.

Ұрпағымен Мырза аты аспандады,
Жойылуда тарихтың ақтаңдағы.
Көкпектіде атаулы мешіті бар,
Қандай жақсы жақсыдан ат қалғаны.

Жаңғырады жақсылық таңда мына,
Ұлықтауға ұлын ел қамдануда.
Тана Мырза есімі бір ауылға,
Берілген Тарбағатай ауданында.

Сүтпен сіңген жомарттық өн бойына,
Қайырымдылық ілескен шалғайына.
Мырзалықпен танымал тұлғалар бар,
Ақсуаттың жазылған маңдайына.

Баба даңқы ұрпағын тербетуде,
Баба есімін ұрпағы өрлетуде.
Жұғысты Тана Мырза жомарттығы,
Осы өңірдің атымтай перзентіне.

Жылдар, жылдар жылыстап
жылжыр мейлі,
Жібек желі жылдардың мұңды үрлейді.
Тартып туған бабаға мырзалығы,
Кәлімұлы Кәкенді кім білмейді?!

Демеп келе жатыр ол құлағанды,
Жебеп келе жатыр ол жылағанды.
Алла берген дәулеті - елге нәсіп,
Қолдап келді кемінде мың адамды.

Шаттыққа көңіл - сандық толды бүгін,
Қасиет ұрпағына қонды бүгін.
Мырзапейіл ұрпағы жақсылардың,
Шартарапқа жеткізді той дүбірін.

Ел бар ма мына менің ұлысымдай,
Шежірем жетті бізге қыры сынбай.
Ұлассын ғасырлардан ғасырларға,
Тана Мырза есімі ұмытылмай!!!

Ресей Ғылым академиясының Антропология және этнография музейінің (Кунсткамера) онлайн коллекциясында «Сұлтан Есім Бөкеев және оның жұбайлары» деген атаумен сақталған фотосурет бар. Суреттің авторы ретінде А.Топалев көрсетілген. Түпнұсқасы Мәскеудегі Орталық этнография музейінде сақталғаны айтылған.

Жұрт жадындағы Есім төре

Серікбол ТІЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ

Есім төренің есімі Жетісу жұртына, соның ішінде Лепсі өңірі халқына жақсы таныс. Арғы атасы – Тәуке хан. Тәукеден Болат, одан Әбілмәмбет, одан Әбілпейіз, одан Ағадай тараған. Құрбанғали Халиди «Тауарих-и хамса и шарқи» («Шығыстың 5 мемлекетінің тарихы») кітабында: «Әбілпейіздің қарақалпақ әйелінен семіз найман еліне төре болатын Ағадай туды. Ағадайдың үш әйелінен жалпы жеті ұлы болып, олардың әулеті Жетісу мен Лепсі бойында», деп жазған еді. Сол жеті ұлдың бірі Бөкей еді. Есім төре – осы Бөкейдің ұлы. Ол 1852 жылы қазіргі Алматы облысының Алакөл ауданында өмірге келді. Деректерде Есімнің Лепсі аймағына белгілі болыс болғаны айтылады. Сондай-ақ ел-жұртқа дәулетімен, мәрттігімен танылды. 1916 жылы өмірден өтіп, денесі қазіргі Жыланды ауылына жерленді. 2017 жылы белгілі кәсіпкер Бауыржан Оспановтың бастамасымен Есім төренің кесенесі қайта жаңғыртылды.

Туыстарының айтуынша, Есім төре жоғарыдағы суретке Романовтардың 250 жылдығын тойлау үшін Петерборға барғанда түскен көрінеді. Алайда бұл қате мәлімет секілді. Себебі Романовтар әулетінің 250 жылдығы 1863 жылы өтті. Бұл кезде Есім – әлі онға толмаған бала. Соған қарағанда бұл сурет 1913 жылғы Романовтар әулетінің 300 жылдығы қарсаңында түсірілсе керек. Түркістан өлкесінің губернаторы Александр Самсонов, Жетісу облысының әскери губернаторы Михаил Фольбаум бастаған өкілдермен бірге Жетісудың жомарты Есім төре де Петерборға барған болуы мүмкін. Алайда бұл нақтылауды қажет етеді.

Біздің ойымызша, бұл сурет Петерборда емес, Верныйда (қазіргі Алматы) түсі¬рілген секілді. Себебі сурет авторы ретінде көрсетілген А.Топалев верныйлық фотограф Александр Туполев болуы мүмкін. Верныйдан шыққан «Семиреченские областные ведомости» газетінде фотограф Туполевтің жарнамалары жиі жарияланып тұрған. Мәселен, осы газеттің 1892 жылғы №25 санында: «Фотосуретке қатысты тапсырыстарды қабылдау және дайын жұмыстарды беру 7 маусымнан бастап менің Тас алаңдағы Червяковтың үйінде орналасқан фотосалонымда тек жексенбі және мереке күндері, сағат 10:00-ден 14:00-ге дейін жүргізіледі. Фотограф Александр Туполев», деген жарнама басылған. Соған қарағанда Есім төренің суреті осы Туполевтің Верныйдағы фотосалонында түсірілген болуы мүмкін.

Енді Есім төре туралы деректерге тоқталайық. «Семиреченские областные ведомости» газетінің 1899 жылғы сәуір айындағы санында Лепсі қаласының сайлау жиналыстарына қатысу құқығы бар адамдардың тізімі жарияланған. Осы тізімдегі 156 адамның ішінде Есім сұлтан Бөкейұлының да есімі бар. Бұл кезде оның жылжымайтын мүлкінің бағасы 1870 рубль болғаны көрсетілген. Петербордан шыққан «Русский инвалид» газеті Есімнің қайырымдылығына қатысты қысқа хабар жариялапты. Аталған газеттің 1900 жылғы №222 санында «Әскери қажеттілік үшін» деген хабар басылған. Хабарда былай деп жазылған: «Түркістан ведомостарының» хабарлауынша, Жетісу облысы Лепсі уезі Батыс Шынжылы болысының сұлтаны Есім Бөкеев Қытаймен болып жатқан соғыс қимылдарына байланысты әскери мұқтаждықтарға 500 рубль садақа берген. Өлке басшысының бұйрығына сәйкес, бұл қаржы Ресейдің «Қызыл Крест» қоғамының Түркістан бөлімшесіне тапсырылып, Қиыр Шығыстағы сырқат және жараланған жауынгерлерге көмек ретінде жұмсалады». Мәлімет үшін айта кетейік, 500 рубль деген қазіргі бағам бойынша шамамен 20 миллион теңгеден асады. Осынша қаржыны қайырымдылыққа жұмсағанына қарағанда Есімнің ел айтып жүргендей жомарт болғаны рас секілді. Сондай-ақ бұл хабардан Есім төренің Лепсі уезіне қарасты Батыс Шынжылы болысын басқарғанын да байқаймыз.

Ел аузында «Есім төренің жылқысы көп болғаны сондай, жағалай су ішкенде өзеннің өзі тартылып қалады» деген әңгіме бар. Соған қарағанда төренің негізгі кәсіп көзі жылқы шаруашылығы болса керек. Одан бөлек сауда-саттықпен де айналысқан секілді. Сауда-өнеркәсіп орындары туралы мәліметтер жинақталған «Ресей империясы. Мәскеу-Сібір» анықтамалығында Есім сұлтан Бөкейұлының да аты аталады. Кітапта Есім төренің 1908–1912 жылдары Лепсі өңіріне қарасты Степановское станицасында (қазіргі Үшарал қаласы) бакалея, мануфактура және шетелден әкелген тауарлар сататын кәсібі болғаны көрсетілген. Бұл деректер Есім төренің ел аузындағы аңыз кейіпкері ғана емес, мерзімді баспасөз материалдары арқылы нақты өмір жолы айқындалатын тарихи тұлға болғанын көрсетеді. Сондай-ақ алдағы уақытта мұрағат қорларын жүйелі түрде зерделеу Есім төренің өмірі мен қызметіне қатысты беймәлім деректерді ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде Жетісу өңірінің тарихын, төре әулетінің тағдырын және қазақ қоғамының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өмірін тереңірек тануға жол ашады.

Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ

Егер мұның ұлы ата-бабалары болмаса түркі халықтарынан ұрпақ қалмай, тұқым-тұқиянымен құрып кеткендей екен. Ұлы анасы қос аяқты қос жетімекті емшек сүтін беріп, аман сақтап қалыпты.

Көбейткен де, көсегесін көгерткен де сол дала тағылары. Сондықтан да ежелгі түркілер байрағына бөрінің бейнесін салып, мұның ата-бабаларына табынып-ты. «Бөрі азығы мен Ер азығы жолда» деп, елдіктің ұранын еркіндіктен іздепті.

Бірақ өздерін ер түріктің ұрпағымыз деп мақтанып жүрген бүгінгілердің тіршілігі басқа. Бөріні еркіндіктің айғағы деп емес, мал-жанның қас жауы деп қарайды. Байраққа бейнесін салу былай тұрсын, аттарын да айтқысы келмейді. "Ит-құс" дей салады.

Керісінше, өздері қасқырдың ең азып-тозған жұрнағы – иттерді жанындай жақсы көреді. Мінездерінде де ұқсастық бар. «Айтаққа» ереді. Бөрі мінез бөріктілер жоққа тән.

Тұқымдастарының (бөріктілердің де, бөрібасарлардың да) тұқымын тұздай құртып жүрген де сол құлақ кесті құлдық мінездің салдары. Абылай ханнан ары қарай айтпағанда, кешегі Кенесарының түбіне жеткен, Сыздық сұлтанды сандалтқан, 1916, ...32, ...37 жылдары бірін-бірі қырып салған да сол бөрі тектес халықтың бодандыққа бір жола мойынсұнған бектерінің кесірі болатын.

Шалқасынан туған Айдың сәулесі шаңытып тұр. Көкбөрі ауылдың желкесіндегі төбенің үстіне көтерілді. Үйқы құшағындағы ауылдың есі - маңтөбеттер

Маң төбеттердің сыры белгілі. Ата жауының (тұқымдас болса да!) өткір исі май тұмсықтарын қытықтаған заматтан бастап абалап қоя берді. Бірақ бәрінікі дөң айбат. Қожайынының қынжыла құйып жүрген жуындысын (ит тойған жеріне!) ақтау үшін айқайға сүрең қосқаны әшейін. Әйтпесе, қотанның шетіне шығып үруге тәуекелі жетпейді. Қора айналған талайының шаптары жарқырап, ішек-қарындары ақтарылып қалған.

Иттерінен түк шықпасын білген соң далаға айғай сап отағасы шығады. Онықі де қоқан-лоққы. Бет-алды мылтық атады. Ақыр аяғында өзін ес тұтып шабаланып қоймай қойған төбетін «жат, әкеңнің аузын...» деп, бір тебеді. Анау құйрығын екі бұтының арасына тығып, қыңсылай үріп, босағаны барып сағалайды.

«Итте нең бар, әй...» деп, есіктің алдына қожайынның «қожайыны» - әйелі шығады. Шаң-шұң дауыс енді көпке дейін басылмайды. Мыналарды кешегі Ұлы даланы ұрандатып өткен көк түріктің баһадүр ұлдарының ұрпағы деуге қарның ашқандай...

Достан да, дұшпаннан да көңілі жеріген Көкбөрі Тайтөбенің үстіне «мені көрдіңдер ме?» дегендей шоқиып отырды да, аспандағы шалқасынан туған айға тұмсығын созып ұлып жіберді. Бұйыққан ауылдағы қандастарының қанын жайлап, күннен-күнге жегідей жеп бара жатқан бойкүйездікпен бұдан былай осылай күресуге серт еткендей жан түршіктірерлік үнмен ұли берді, ұли берді...

«Mұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан сәттен бастап оның мұғалімдігі де жойылады».

К.Д. Ушинский.

БІЛІКТІЛІК біліммен білінеді

01.06–12.06.2026 жылдар аралығында «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-да «Дербестендірілген оқытуға арналған цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект» тақырыбында мұғалімдерге арналған 80 академиялық сағат көлеміндегі курс болып өтті. Курс тренері – PhD докторы, «Өрлеу» БАҰО аға оқытушысы Касенова Самал Әбілжанатқызы.

Курстың алғашқы күнінен бастап тренеріміз жылы жүзбен қарсы алып, әрбір тыңдаушыға қолайлы оқу ортасын қалыптастыра білді. Қазіргі таңда ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру – уақыт талабы. Себебі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңашылдықтар педагогтердің өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыруын қажет етеді.

Мұғалімнің кәсіби дамуы тек өзінің қызметінде табысқа жетуін ғана көздемейді. Ол – болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына, дұрыс бағыт-бағдар қалыптастыруына ықпал ететін маңызды фактор. Ізденімпаз, шығармашыл ұстаз ғана білімді, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелей алады. Сондықтан кез келген мамандық иесі сияқты педагог те өз біліктілігін ұдайы жетілдіріп отыруы қажет. Сонда ғана қоғамда даму мен прогресс болады.

Жалпы курстың берері мол болды. Курс барысында жасанды интеллект құралдарын білім беру үдерісінде тиімді пайдалану, цифрлық платформалармен жұмыс жасау, дербестендірілген оқытуды ұйымдастыру жолдары бойынша көптеген құнды мәліметтер алдық. Практикалық тапсырмалар арқылы заманауи технологиялардың мүмкіндіктерін тереңірек меңгеріп, оларды сабақ барысында қолданудың тиімді тәсілдерін үйрендік. Әсіресе оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалдарын саралау, цифрлық ресурстарды пайдалану және оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа әдістерімен таныстық. Бұл білім мен тәжірибе алдағы уақытта оқушылардың білім сапасын арттыруға және олардың оқу мотивациясын күшейтуге өз септігін тигізеді деп сенемін.

Курс жетекшісі Самал Әбілжанатқызының кәсіби шеберлігі, тың идеялары мен тәжірибеге негізделген мазмұнды сабақтары бізге үлкен әсер қалдырды. Әрбір қатысушыға қолдау көрсетіп, сұрақтарымызға нақты жауап беріп, шығармашылық ізденіске бағыттай білді. Осындай сапалы білім мен тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастырған курс жетекшісіне және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұжымына шынайы алғысымды білдіремін.

«Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек», – деген еді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы. Ендеше, болашақта жаңжақты, сауатты, цифрлық технологияларды еркін меңгерген, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын жастарымыз көп болғай. Сол жастарға сапалы білім мен саналы тәрбие беретін, заман талабына сай дамып отыратын білікті ұстаздар қатары арта берсін. Ұстаздардың үздіксіз ізденісі мен кәсіби дамуы – ел болашағының кепілі.

Г.ТОЙШЫМАНОВА,
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №7 жалпы білім беретін лицей орта мектебінің информатика пәні мұғалімі.

БЖЗК
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Зейнетақы жинақтарының сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдікті жүзеге асыру тәсілінің өзгеруі туралы

Зейнетақы төлемдерін алушылар үшін зейнетақы жинақтарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мөлшерінде, жинақталған инфляция деңгейін ескере отырып сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдіктің жойылуына қатысты келіп түскен сұрақтар бойынша БЖЗҚ төмендегіні хабарлайды.

Мемлекет кепілдік береді және реттейді

Әлеуметтік кодекстің 217-бабында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекет зейнетақы төлемдерін алушыларға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына олардың нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде кепілдік береді» деп көзделген.

Мемлекеттің зейнетақы активтерінің сақталуына беретін кепілдігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) мен инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) қызметін реттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Ұлттық банк, ҚРҰБ) де, ИПБлардың да инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу, зейнетақы активтерін орналастыру кезінде оларды әртараптандыру және тәуекелдерді төмендету жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ басқа да реттеуші нормалар арқылы қамтамасыз етіледі.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алуға бағытталған мақсаттарды басшылыққа ала отырып басқарады.

ИПБ-ға зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша заңнамада белгіленген жауапкершілік жүктеледі. Яғни, ИПБ алған номиналды табыстылық пен реттеушінің талаптарына сәйкес есептелген табыстылықтың ең төменгі мәні арасында теріс айырма болған жағдайда, ИПБ осы теріс айырманы өзінің меншікті капиталы есебінен өтейді.

Мемлекет көпдеңгейлі бақылауды қамтамасыз етеді

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жүйесі көпдеңгейлі мемлекеттік бақылауда қала береді.

- Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес (ҰҚБК), оған Мемлекет басшысы төрағалық етеді, зейнетақы активтерін басқару бөлігінде – инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды, басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды зерделеп, БЖЗҚ қызметі туралы жыл сайынғы есептерді қарайды.

-Үкімет ҚРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді.

-Ұлттық Банк зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алу мақсатында БЖЗҚның инвестициялық декларациясын әзірлеп, бекітеді. Зейнетақы активтерін басқарады.

Бұл ретте Әлеуметтік кодексте әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру саласында мемлекет, жұмыс берушілер мен азаматтардың ынтымақтастығы мен ортақ жауапкершілігі қағидаты көзделген. Бұл – халықаралық тәжірибеде де кеңінен қолданылатын тәсіл.

Салымшылардың зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы

Әлеуметтік кодекстің 40-бабына сәйкес, салымшыларға өздерінің зейнетақы жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру және/немесе оларды Ұлттық Банктің басқаруында қалдыру жөнінде шешімді дербес қабылдау құқығы берілген.

2026 жылғы қыркүйекте салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейтін заңнамалық өзгерістер де күшіне енеді. Қазіргі уақытта салымшылар міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50%-на дейін және ерікті зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін ИПБ-лардың басқаруына бере алса, күзден бастап олар ерікті зейнетақы жинақтарын ғана емес, міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырылған жинақтарын да ИПБ-лардың басқаруына толық көлемде беру мүмкіндігіне ие болады.

Салымшы бір немесе бірнеше ИПБны, сондай-ақ әртүрлі инвестициялық портфельдерді, яғни ИПБ ұсынатын зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияларды өз бетінше таңдай алады. Бұл портфельдер тәуекел деңгейі, күтілетін табыстылығы және инвестициялау мерзімі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді.

ИПБ-лардың инвестициялық басқару тиімділігін бағалау үшін MSCI және Bloomberg сияқты әлемнің жетекші қаржы компаниялары қадағалайтын композиттік индекстер (бенчмарк), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ индекстері қолданылады. ИПБлар инвестициялық табыстылықтың белгіленген деңгейіне кепілдік береді. Егер табыстылық нарықтық бенчмарктен төмен болып қалса, ИПБ айырманы өзінің меншікті капиталы есебінен өтеуге міндетті.

Осылайша, салымшылар өздерінің зейнетақы жинақтары бойынша әртүрлі инвестициялық активтерді басқарушыларды және әртүрлі инвестициялық стратегияларды (портфельдерді) өз бетінше таңдау құқығына ие. Зейнетақы активтерін басқарудың нарықтық тәсілдері жағдайында инфляция деңгейіндегі мемлекеттік кепілдіктің бұрынғы құқықтық және экономикалық мәні жойылады.

Зейнетақы активтерін басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету

Зейнетақы нарығындағы бірыңғай инфрақұрылымдық институт – БЖЗҚ, оның акцияларының 100%-ы Үкіметке тиесілі. Салымшылардың өз жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру құқығын іске асыруына байланысты БЖЗҚ-ның институционалдық міндеті де арта түсті. БЖЗҚ – активтерді кім басқаратынына қарамастан (салымшының таңдауы бойынша ҚРҰБ және/немесе ИПБ) барлық салымшылар үшін бірыңғай есептік және ақпараттық орталық, сондай-ақ олардың жеке зейнетақы шоттарының операторы болып табылады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару бойынша қолжетімді қызметтер мен сервистер ұсына отырып, азаматтардың жинақтары туралы ақпаратты үзінді көшірмелерде тәулік бойы, аптасына 7 күн («24/7») режимінде толық көрсетеді. Сонымен қатар, БЖЗҚ салымшылары үшін зейнетақы активтерін басқарудың заманауи цифрлық ресурсы ретінде invest.enpf.kz ақпараттық интернет-платформасы іске қосылды. Бұл платформа барлық басқарушылардың (Ұлттық Банк пен ИПБ) активтерді басқару нәтижелерін салыстыруға мүмкіндік береді. Invest.enpf.kz платформасы табыстылық туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ белгіленген кезең аралығындағы деректерді динамикада қарап, активтерді басқарушылар мен олардың инвестициялық портфельдерінің нәтижелерін өзара салыстыруға мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, жинақтаушы зейнетақы жүйесі және қазақстандықтарды зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі мемлекеттік реттеу, бақылау мен жауапкершілік аясында қала береді. Бұл ретте халықаралық тәжірибеге сәйкес зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда басқа да қатысушылардың – қызметкер мен жұмыс берушінің де маңызы арта түседі.

ЕРІКТІ ЖАСАҚ – ШЕКАРАШЫНЫҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ

Тәулік бойы мемлекеттік шекараны қорғап жүретін шекарашыларға көмек көрсету – үлкен абыройлы істердің бірі. Өйткені туған еліне қызмет ету және қорғау – әр бір ер-азаматтың Отан алдындағы борышы, әрі міндеті болып табылады.

Ел шекарасының берік болуы үшін шекараны жауынгерлермен бірге жүріп-тұру ғана емес, ол күнделікті өмір сүру кезінде өзін тұратын шекаралық аймақта Мемлекеттік шекараны бұзу белгілерін немесе күдікті тұлғаларды байқаған жағдайларда, шекара бөлімшелеріне, жергілікті әкімдік пен құзырлы органдарға хабарлау, болайын деп жатқан құқықбұзушылықтың алдын алуға үлкен септігін тигізетіні анық. Осы ретте жергілікті тұрғындардан құралған «ерікті жасақ» мүшелерінің көмегі орасан зор.

Ерікті жасақ – Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі құрылымдық бөлімшесі өкілдерінің басшылығымен ерікті және жарғы негізінде Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысатын Қазақстан Республикасы азаматтарының тобы.

Ерікті жасақшы – Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысу бойынша өз еркімен, өзіне алған міндеттерді Шекара қызметі құрылымдық бөлімшесі өкілдерінің басшылығымен орындайтын ерікті жасақ мүшесі.

Ерікті жасақ көмегімен көптеген құқықбұзушылықтың жолы кесілді. Осылайша «Ерікті жасақ» шекарашылардың сенімді серігіне айналды. Елді қорғау ісіне шекарашыларымызбен бірге, қарапайым азаматтардың атсалысуы – патриотизмнің нағыз үлгісі. Сондықтан ортақ іске бірге жұмылған елдің тыныштығына ешқандай қауіп төніп тұрмағаны анық.

Бақытжан НЕСІПБАЙ,
Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы.

●Сайлау - 2026

Шетелде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелеріндегі сайлаушылар тізімдеріне тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген және Қазақстан Республикасының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі.

Шет мемлекеттерге жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Қазақстан Республикасының азаматтары учаскелік сайлау комиссиясына жүгінген жағдайда және оларда Қазақстан Республикасы азаматының жарамды паспорты болған кезде сайлаушылар тізімдеріне енгізіледі.

Егер тізімге енгізілген сайлаушылардың бәрі дауыс беріп болса, дауыс беру кез келген уақытта аяқталды деп жариялануы мүмкін.

Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктері жанындағы сайлау учаскелерінің тізімі Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің және Орталық сайлау комиссиясының интернет-ресурстарында қолжетімді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Голосование за рубежом

23 августа 2026 года состоятся выборы депутатов Курултая Республики Казахстан.

В списки избирателей на избирательных участках при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах включаются все граждане, проживающие или находящиеся в длительной заграничной командировке в соответствующем иностранном государстве и имеющие действительный паспорт гражданина Республики Казахстан.

Граждане Республики Казахстан, прибывшие в иностранные государства по частным приглашениям, в служебные, деловые и туристические поездки, при их обращении в участковую избирательную комиссию и при наличии у них действительного паспорта гражданина Республики Казахстан включаются в списки избирателей.

Голосование может быть объявлено законченным в любое время, если проголосовали все избиратели, включенные в список.

Список избирательных участков при представительствах Республики Казахстан в иностранных государствах доступен на интернет-ресурсах Министерства иностранных дел и Центральной избирательной комиссии Республики Казахстан.

Голосуй за обновление!

Центральная избирательная комиссия Республики Казахстан.

●101 ескертеді

ҚР ТЖМ Жетісу облысының ТЖД Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлім басшылығының 2026 жылғы III тоқсанға арналған жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдау кестесі

Орган атауы	Қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Бопаев Қуаныш	Бөлім бастығы	дүйсенбі сағ. 15:00-17:00 жұма сағ. 10:00-12:30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі №41	8 (72839) 2-21-13
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ринат Рафаилұлы Ахмаров	Бөлім бастығының орынбасары	сәрсенбі сағ. 15:00-18:00 бейсенбі сағ. 10:00-12:30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 (72839) 2-21-13
Сарқан ауданы №12 Өрт сөндіру бөлімі	Қуанышбек Қуаныш	№12 Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	сейсенбі сағ. 15:00-18:00 бейсенбі сағ. 10:00-12:30	Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі 41	8 (72839) 2-24-43

Сенім телефоны: 8 /72839/ 2-24-43.

Егін жинау кезінде сақ болыңыздар

Астық жинау жұмыстарын жүргізу кезінде өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекше маңыздылықты қажет етеді.Өрт қысқа уақытта астық қорын жоюы мүмкін. Астық-жинау кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін білу және қатаң орындау өрттің алдын-алудың маңызды шарты болып табылады.

Егін жинау кезінде және ол аяқталғаннан кейін, өрттің пайда болуының негізгі себептері:

-Отты абайсыз қолдану;

-Фермерлердің сабанды рұқсатсыз жағуы;

-Қолданыстағы техниканың электр ақаулығы;

-Ұшқын сөндіргіштердің жоқтығы;

Далалық жұмыстарды жүргізу кезінде қойылатын негізгі өрт қауіпсіздігі талаптары:

1.Барлық дала жұмыстарына қатысатын тұлғалар өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау туралы нұсқаулықпен танысуы тиіс.

2.Өрт сөндіру құралдары нормаға сәйкес болуын және қолдануға дайын болуын, дереу пайдалану үшін мүмкіндік жасалуы тиіс.

3.Уақытша электр жарықтандырғыштар тоқ және жоғарғы кернеулі электр желілері егін және орман алқаптарынан 100 метр арақашықтықта орналасуы керек, дала қостары және егін алқаптары ені 4 метрден кем емес жолағымен жыртылады.

Жұмыс жүргізу кезінде, егін алқаптары маңайында, сондай-ақ, жанында сабанды және шөпті өртеуге тыйым салынады.

Мұнай өнімдерімен толтыру және газ-электрмен дәнекерлеу жұмыстарын жүргізу арнайы құрғақ шөптен, жанғыш қоқыстан тазартылған алаңдарда жүзеге асырылуы тиіс. Ол ені 4 метрден кем емес жолақпен жыртылған, құрылыстардан 50 метр және шөп, сабан, тоқ желілерінен 100 метр ара-қашықтықта жүргізілуі тиіс. Жанармай құю жұмыстары кезінде қозғалтқыш өшірілуі тиіс. Түнгі уақытта машиналарға жанармай құюға тыйым салынады.

Өрт шыққан жағдайда ең алдымен, « 101» немесе « 112» нөміріне қоңырау шалыңыз. Есіңізде болсын, осы ережелерді қатаң ұстансаңыз өз өміріңіз бен дүние мүлкіңізді сақтай аласыз.

Сарқан ауданы ТЖБ.

Жемді сақтаудағы қауіпсіздік

Жемді өсіру, дайындау және сақтау – бұл, әрине, маңызды және уақытты қажет ететін мәселе. Қыс мезгіліне жем-шөп дайындау уақыты келді. Міне, ірі жемді сақтаудың өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелері.

Тұрақты құрғақ, ыстық және желді ауа райы жағдайында ауылдық елді мекендер мен кәсіпорындарда, саяжай кенттерінде, бау-бақша учаскелерінде от жағуға, белгілі бір учаскелерде өрт қауіпті жұмыстарды жүргізуге, қатты отынмен жұмыс істейтін пештерді, ас үй ошақтарын және қазандық қондырғыларын жағуға жол берілмейді.

Ғимараттар арасындағы өртке қарсы аралықтарды ірі жемді жинауға пайдалануға рұқсат етілмейді. Азық-түлікті дәл осы мақсаттарға арналған бөлмелерде, ғимараттарда сақтау керек, осы мақсаттар үшін жеке ғимараттарды қолданған жөн. Бұл ғимараттарға, ашық сақтау орындарына да өз талаптары бар. Тікелей жұмыс кезінде сіз ережелердің келесі талаптарын есте сақтауыңыз керек. Ірі жем қоймаларының аумағында автомобильдер, тракторлар және басқа да көлік құралдарының тұруына тыйым салынады. Жем-шөп қоймаларындағы жұмысқа ұшқын сөндіргіштермен жабдықталмаған тракторлар мен автомобильдер жіберілмейді. Қоймаға кірер алдында жүргізушілер ұшқын сөндіргішті бекітудің дұрыстығын және сенімділігін тексеруі тиіс. Шығару құбырларымен, коллекторлармен немесе сөндіргіштермен тікелей жанасудан жемшөптің жануын болдырмау үшін түсіру жұмыстарымен айналысатын трактор-тартқыштар мен автомобильдер маяларға 3 м жақын жақындамауы тиіс. Қоймадан шығуға автомобиль тұрағының орнын тексергеннен және шығару құбырына жақын шөп (сабан) жинағаннан кейін ғана рұқсат етіледі. Тұрғын үйлердің усадьбалы учаскелерінде пішен жинау аула құрылыстарына дейін кемінде 15 метр қашықтықта орындалады. Көрсетілген қашықтықта шөп жинау мүмкін болмаған жағдайда, су құйылған қосымша сыйымдылығы 500 литрден кем емес қойма орны қамтамасыз етілген жағдайда, қашықтық 5 метрге дейін қысқарады.

Жол берілмейді: 1) сарайлардың шатырларына және басқа да шаруашылық құрылыстарына қоймалау; 2) электр беру желілерінің астына жинау; 3) учаскенің сыртқы қоршауынан 3 метрден кем қашықтықта; 4)көшелерде, жолдарда, үй жанындағы учаскелерден тыс жерлерде шөп, шөп маяларын, сабанды, басқа да ірі жем түрлерін орналастыруға.

Құрметті шаруа қожалықтарының басшылары және аудан тұрғындары! Ірі жем-шөпті сақтау үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтауды сұраймыз.

Сарқан ауданы ТЖБ.

Жеңіс тұғырында – «Сарқан бөрісі»

Жаз мезгілі – сергектік пен белсенділіктің, көтеріңкі көңіл күй мен мазмұнды демалыстың кезеңі. Осыған орай «Қойтас» экосаябағында ұйымдастырылып жатқан жазғы спорттық-мәдени кештер тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуге мүмкіндік беріп, салауатты өмір салтын насихаттауға және ұлттық мәдениетті дәріптеуге зор үлес қосуда.

Өткен жұмада өткен кеш барысында ұлттық спортты дәріптеу және жас балуандардың шеберлігін шыңдау мақсатында «Сарқан бөрісі» қазақ күресінен аудандық іріктеу турнирі жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Дүбірлі додаға ауданның әр ауылдық округінен келген балуандар қатысып, өзара бақ сынады. Турнир барысында қатысушылар ұлттық күрестің әдіс-тәсілдерін шебер көрсетіп, жанкүйерлерге тартысты белдесулер сыйлады. Әр салмақтағы белдесулер жоғары бәсекелестікпен өтіп, спортшылардың дайындық деңгейі мен жеңіске деген жігері айқын байқалды. Бұл күні қазақ күресін кеңінен насихаттауға, жастарды ұлттық спортқа баулуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға игі қадам жасалды. Сонымен қатар алдағы облыстық кезеңге жолдама алатын үздік балуандар анықталды.

Жарыс қорытындысы бойынша қатарластарынан басым түскен Нұрболат Ермек I орын жеңіп алып, «Сарқан бөрісі» атағын иеленді.

Жүлделі II орынды Сейітнұр Темірлан иеленсе, сәйкесінше III орынға Әкім Дәулет лайық деп танылды.

Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Үздік өнер көрсеткен I және II орын иегерлері облыстық кезеңге жолдама алды, енді аудан намысын облыстық кезеңде қорғайтын болады.

Спорттық бағдарламамен қатар Қарабөгет ауылдық мәдениет үйі арнайы дайындаған мәдени кеш те көпшілікке ерекше әсер сыйлады. Өнерпаздардың концерттік бағдарламасы көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Кеш соңында тұрғындар назарына «Бекзат» көркем фильмі ұсынылды.

Мұндай игі бастамалар тұрғындар арасындағы достық пен бірлікті нығайтып, жастарды белсенді өмір салтын ұстануға ынталандырып, бұқаралық спортты дамытуға және мәдени құндылықтарды кеңінен насихаттауға мүмкіндік береді.

Өз тілшіміз.

Опера өнерінің дүлдүлі

Сарқан аудандық кітапханасында шілде айының 28 күні Ұлттық өнеріміздің көрнекті өкілі, КСРО халық әртісі, опера өнерінің саңлағы Ермек Серкебаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Опера өнерінің дүлдүлі» атты танымдық сағат ұйымдастырылды.

Іс-шараға аудандық ардагер ұйымының төрағасы Мұрат Түсіпов, «Jetisy jastary» КММ филиалының «Sarqan jastary» орталығы және Құман Тастанбеков атындағы мәдениет үйінің қызметкерлері қатысты. Іс-шараның мақсаты – жастарды қазақтың опера өнерінің тарихымен таныстыру, Ермек Серкебаевтың шығармашылық мұрасын насихаттау және өнерге деген қызығушылықты арттыру.

Танымдық сағат барысында қатысушыларға Ермек Серкебаевтың өмір жолы, сахнадағы жарқын жетістіктері мен қазақ мәдениетіне қосқан зор үлесі туралы кеңінен ақпарат берілді. Сонымен қатар, әншінің орындауындағы танымал шығармалар тыңдалып, өмірі мен шығармашылығына арналған бейнематериалдар көрсетілді. Қатысушылар сұрақ-жауап бөліміне белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті.

Шара соңында Ермек Серкебаевтың өнері – ұлттық мәдениетіміздің баға жетпес мұрасы екені айтылып, жас ұрпақты өнерді құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге шақырды.

А. ОМАРОВА,
аудандық кітапхана кітапханашысы.

Сен туған күн, мерекеңмен!

Құрметті Азирбекова Сара Асылтайқызы! Сіздің ұзақ жылдар бойы су шаруашылығы саласында абыройлы еңбек етіп, 40 жылдан астам еңбек өтілімен зейнеткерлік жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Адал еңбегіңізбен, кәсіби біліктілігіңізбен және мол тәжірибеңізбен әріптестеріңізге үлгі болып, су шаруашылығы саласының дамуына елеулі үлес қостыңыз. Еңбек жолыңыздағы жауапкершілік пен табандылығыңызбен көпшіліктің құрметіне ие болдыңыз.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, бақ-береке, бейнетіңіздің зейнетін ұзақ көруіңізге және немере-шөберелеріңіздің қызығына тоймай жүре беруіңізге шын жүректен тілектеспіз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, әрдайым құрмет пен қуанышқа бөлене беріңіз!

Ізгі тілекпен: «Сарқанирригация» мекемесінің ұжымы.

Қайырымдылық - ізгіліктің ізі

2026-2027 оқу жылының қарсаңында әрбір шаңырақта балалардың мектепке деген қуанышы мен дайындығы басталады. Алайда, кейбір отбасыларға балаларын оқу құралдарымен және киім-кешекпен қамту қиынға соғатыны жасырын емес. Осындай сәтте қоғамның бірлігі мен жанашырлығы ерекше маңызға ие.

«Жарлы болсаң да, жомарт бол», — демекші, халқымыз әрқашан мұқтажға қол ұшын созып, жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған жомарт ел. Қайырымдылық — адамгершіліктің ең биік көрінісі, жүрек жылуының белгісі.

М. Жұмабаев атындағы орта мектебі 2026-2027 оқу жылына арналған дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын өткізеді. Акция мерзімі: 01.08.2026 ж. – 30.09.2026 ж. аралығы. Бұл шараның басты мақсаты — әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға жаңа оқу жылына дайындалуға нақты көмек көрсету.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын», «Жақсылық етсең – жаныңа, жамандық етсең – арыңа» демекші, балалардың білім алуына септігін тигізу – болашаққа құйылған ең үлкен инвестиция.

Біздің мектебіміздегі осындай балаларға қолдау көрсету мақсатында кәсіпкерлерді, мекеме басшыларын және жаны жомарт азаматтарды «Мектепке жол» акциясына үлес қосуға шақырамыз. Қажетті көмек түрлері: мектеп формасы және спорттық/қыстық аяқ киімдер; Оқу құралдары (дәптерлер, қаламдар, рюкзактар/портфельдер, бояулар т.б.); Басқа да қажетті оқу-әдістемелік және сабаққа арналған жабдықтар.

Әрбір көрсетілген көмек — балғын жүректерге қуаныш сыйлап, олардың білім жолындағы қадамдарын нығайта түсетін ізгі қадам болмақ.

Байланыс телефоны: 8 (708) 699-39-20.

Б. ИМИРОВА,
әлеуметтік педагог.

Хабарландыру

Сарқан аудандық пошта байланыс торабына байланыс операторлар, Екіаша ауылдық пошта бөліміне пошта басшысы және Қойлық ауылдық пошта бөліміне хат тасушы қызметкерлерін жұмысқа қабылдаймыз. Толық ақпаратты сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін ұялы тел: 87753901543, 2-23-86 нөміріне хабарласып білуге болады.

●**Мурсалинов Алмас Кабдрахмановичтің** атына жеке нотариус Әлиева Әсем Ізбасарқызымен мұрагерлік ісін ашу туралы хабарлаймыз.

●Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша, аз. **Есболов Нурлбек Садвакасович,** 2026 жылдың 01 маусым айында қайтыс болды. Қазақстан Республикасының жекеше нотариусы Ерболаев Алмас Алибекович, 2026 жыл 23 шілде күнінен бастап мұрагерлерді қабылдауды бастайды. Мекен жайы: Сарқан ауданы, Сарқан қаласы. Тәуелсіздік көшесі, № 100-ші үй, № 16 пәтер. Ұ.т. (+7778 6589848).

●**Кастарбекова Айгуль Ерасиловнаның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Лепсі кенті, Қаптағаев көшесі № 20 үйдің 0,0209 га көлемді (кадастрлық нөмірі 03-263-058-734) жер пайдалану құқығын беретін № 1152846 мемлекеттік акті жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Акбатыров Жумабай Нукеновичтың** атына тіркелген Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Абай көшесі № 138 үйдің жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

●**Сыдыков Хамит Медетбековичтің** атына тіркелген Тойота RAV 4 маркалы автокөліктің JTMBD33V265026911 нөмірлі техникалық тіркеу куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

SARQAN
Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы
Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
igiman01@mail.ru

Таралымы: 3009
Осы шығарылымның таралымы: 3009
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.